

Қостанай қаласының аумағындағы Воинов Интернационалистов көшесі бойында екі тоғыз қабатты түрғын үй құрылышына арналған участекесінде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін, оларды шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 5 маусымдағы № 319 қаулысы. Қостанай облысы әділет департаментінде 2008 жылғы 4 шілдеде № 3643 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 344 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 03.08.2022 № 344 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2017 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 116, 125-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және езін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2017 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қостанай қаласының аумағындағы Воинов Интернационалистов көшесі бойында екі тоғыз қабатты түрғын үй құрылышына арналған участекесінде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуі белгіленсін.

Су қорғау аймағының ені 326 метр, Тобыл өзені су кемерінің ортаса көп жылдық сабалық деңгейінен - 126,46 метр, ұзындығы 67 метр. Су қорғау аймағының жалпы көлемі 2,18 гектарды құрайды.

Су қорғау аймағы шегінде 67 метр ұзындықта оның барлық қашықтығында ені 100 метр су қорғау белдеуі бөлінген. Тобыл өзенінің су қорғау белдеуінің ішкі шекарасы судың көп жылдық сабалық деңгейінде кемер бойынша анықталған және 0,67 гектар су қорғау белдеуінің жалпы ауданымен 126,46 метр белгісіне сәйкес.

Су қорғау аймағы мен белдеудің шекарасы топографиялық жоспарда 1:2000 масштабында салынған.

**Ескерту. 1-тармақта өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2017 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Қостанай қаласының аумағындағы Воинов Интернационалистов көшесі бойында екі тоғыз қабатты тұрғын үй құрылышына арналған участекесінде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2017 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. "Қостанай қаласы аумағындағы Воинов Интернационалистов көшесі бойынша қоса салынған азық-түлік және өнеркәсіп тауарлар дүкені, шаштараз және автомашиналар үшін жабық көтерілмелі жер асты тұрағы бар екі тоғыз қабатты тұрғын үй құрылышының жер участекесіне Тобыл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 168 қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күнінен бастап оң күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Костанай  
облысының әкімі*

*C. Кулагин*

**Әкімдік мүшелері:  
КЕЛІСІЛДІ**

*Әкімдіктің  
2008 жылғы 5 маусымдағы  
N 319 қаулысына қосымша*

**Қостанай қаласының аумағындағы Воинов Интернационалистов көшесі бойында екі тоғыз қабатты тұрғын үй құрылышына арналған участекесінде Тобыл өзенінің су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылықта пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайлары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2017 № 334 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Су қорғау белдеуінің шегінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-куйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылышжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылышжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру, балық шаруашылығы технологиялық су айдындары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су

энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыштарды салмай, ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға. Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125-бабының 7-тармағымен және 145-1-бабымен белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылады;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участекерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участекерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндөуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 26.07.2021 № 339 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Су қорғау аймағының шегінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бүрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын аландарды, авиациялық-химиялық жұмыстар

жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына көрі әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбек пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 26.07.2021 № 339 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**